**ЦИКЛОГРАММА**

***Үшінші апта (15-19қаңтар 2018 ж.)***

**№ 12«Бәйтерек» бөбек-бақшасы «Гүлдер» ортаңғы топ**

**Өтпелі тақырып** :«Табиғат әлемі»»

**Тақырыпша :** «Құстар – біздің досымыз»

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау**<br>Ата-аналармен әңгімелесу<br><br>Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )<br><br>Таңертеңгі гимнастика<br>(5-7 мин) | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. | | | | |
| | Қ/О: «Мысықпен қаздар»<br>**Мақсаты:** Балаларды ұқыптылыққа, шапшаңдылыққа,епті лікке үйретіп,ойын шартын сомдай орындауға баулу. | Қ/О: «Түлкі тауық қорада»<br>**Мақсаты**:Балаларды ептілікке, рөльдерін сомдай білуге үйрету.Ойынға деген қызығушылығын арттыру. | Үстел-үсті ойыны: «Менің досым»<br>**Мақсаты:** Балаларды санамақ таяқшаларынан адамның бейнесін құрастыру. | Қ/О: «Ойыншықты әкел»<br>**Мақсаты:** Балаларды ептілікке, ойын барысында өлең жолдарын мәнерлеп нақышына келтіре айтуға баулу. | Қ/О: «Апандағы аю»<br>**Мақсаты:** Балалады зейінділікке,ойын барысында ойын ережесін сақтай білуге тәрбиелеу. |
| | **Затсыз орындалатын жаттығу** | | | | |
| **Таңғы ас** | Ойын- жаттығу: Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаңаң сен әрдайым<br>Таза бетің, маңдайың. | | | | |
| **Ойындар,Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
| | №5.12 «Кім айтқанын тап»<br>**Мақсаты:** Достарының дауысын танып атын атау ажырата білу үйрету. | №1.3. «Мысық пен құстар»<br>**Мақсаты:** Балаларды ойын шартын сомдай орындауға баулу. | №3.13 «Біркелкі пішіндерді сана»<br>**Мақсаты:**Пішіндерді танып, топтпстыра білуге үйрету. | №1.15 «Сөзді аяқтап көмектес»<br>**Мақсаты:**Фонематикалық есту қабілеттерін дамыту . | №4.5 «Жылы және суық түстер»<br>**Мақсаты:** Жылы және суық түсті ажырата білуге,оларды |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | аталуын сөздік қорында бекіту. |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі** | **1.Дене шынықтыру** 11. Түрлі қимылдарды түрлі қарқында музыкалық сүйемелдеу: ырғақты жүру, жеңіл жүгіру. Мұзды жолдармен өздігінен сырғанау. Екі аяқтың ұшымен итеріліп, орташа биіктікке секіру.<br><br>**2. Жаратылыстану** **Мақсаты:** Табиғат бұрышын мекендеуші құс тотықұспен таныстыруды жалғастыру, тотықұстың құсқа тән ерекшеліктерін байқап, айтып беруге үйрету.<br><br>**3.Музыка** **Мақсаты:** Әуеннің ырғақ екпінін сезіне білуге, салыстыруға, | **1.Дене шынықтыру** **Мақсаты:** 2 Шашырап жүру және жүгіру. Екі аяқтың ұшымен итеріліп, орташа биіктікке секіру. Алақан мен табанға сүйеніп төрт тағандап еңбектеу.<br><br>**Құрастыру:**<br><br>**Мақсаты:** Құрылыс материалдарының негізгі бөліктерін, олардың бөлшектерін атауға үйрету, оларды көлемі, түсі бойынша ажырата білуге баулу.<br><br>**3.Вариативтік компонент** **Мақсаты:** а) Екі әтеш туралы түсініктерін кеңейту, олармен таныстыру.<br>ә) Екі әтеш туралы жұмбақтарды шешу арқылы баланың ойлау қабілетін | **1.ҚМҮҚ** **Мақсаты:** Сандарды ретімен атау біліктерін дамыту. Сезім мүшелерінің (көру, есту, иіс сезу) көмегімен санау дағдысын дамыту<br><br>**2. Музыка** **Мақсаты:** Әуеннің ырғақ екпінін сезіне білуге, салыстыруға, әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру. Әнді көңілді, ашық дауыспен таза орындауға үйрету<br><br>**3.Қоршаған ортамен таныстыру** **Мақсаты:** Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білу біліктерін жетілдіру. | **1.Дене шынықтыру** **Мақсаты:** 3. Орта жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40-50 метрге жүгіру. Алақан мен табанға сүйеніп төрт тағандап еңбектеу. 2 метр арақашықтықта допты бір-біріне төменнен лақтыру.<br><br>**2.Көркем әдебиет** **Мақсаты:** Сурет бойынша құстар туралы шағын әңгіме құрастыру.<br><br>Құстарға деген сүйіспеншіліктерін арттыру, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br><br>**3. Мүсіндеу** **Мақсаты:** Торғайды мүсіндеуге | **1.Сөйлеуді дамыту** **Мақсаты:** Тілдің қарқынын өзгерту біліктерін бекіту. Құстар туралы тақпақ оқу. Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br><br>**2.Сурет салу** **Мақсаты**: Пішіні дөңгелек заттардың суретін салу және пішінін ескере отырып, қарындашпен бояу дағдыларын бекіту. Құстың суретін салып, денесінің пішінін (сопақ), бөліктерін көрсетуге үйрету.<br><br>**Вариативтік компонент:** **Мақсаты:** Ертегі |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру. Әнді көңілді, ашық дауыспен таза орындауға үйрету. | дамыту.<br>б) Жұмбақты дұрыс шеше білуге тәрбиелеу. | | қызығушылықты тәрбиелеу. Мүсіндеудің таныс тәсілдерін пайдалана отырып, ермексаздан құс бейнесін мүсіндеуге үйрету. | кейіпкерлерінің киімдерін көрсете отырып осы ертегіні ойнайтындығын айту,қызықтыру. Кейіпкерлердің дауыс екпінін, ырғағын, қимыл-қозғалысын нақты сала білуге үйрету. |
| Серуен: | Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.<br>**Ағаштардағы қырауларды бақылау.**<br>**Бақылау.**<br>Қыраудың пайда болу процесі туралы түсінік беру. Қар еріген кезде, күрт суық түскен және ауа-райы жылыған кезде айналаны қырау басқаны туралы балалардың назарын аудару, ағаштарға, орындықтарға және басқа заттарға. Қырау – бұл мығым шық. Түнде жердің үстіндегі ауасы салқындайды. Ауадағы сулы булар салқындаған заттармен өзара жанасып сулы тамшыларға айналып мұзды кесек болып қатады және қырау болады. Табиғаттың әртүрлі қысқы құбылыстарын көру, қысқы қардың сұлулығына тандануға балаларды үйрету.<br>**Ырымдар.**<br>Желтоқсанда қырау мол болады, қар көп түседі, суықтар күшейеді - мол егін орылады. Ағаштарға қырау тұрса аспан көк болады.Түнде қырау болса- күндіз қар жаумайды.<br>**Қозғалыс ойындары.**<br>**«Бірінші бол»**<br>Белгі бойынша іс-әрекет жасай білуін бекіту (шананы айналу және өз орнына тұру) және қосымша жаттығуларды орындау (шанаға отыру, 5 рет отырып-тұру және т.б) жылдам және еппен іс-әрекет жасау.<br>**Еңбек қызметі**<br>Жолға су төгу үшін қарды нығыздату.<br>Қарды өздігінен күрекпен белгілі орынға алып бару, оны нығыздауға үйрету; ұжымдық еңбекке қатынасуға үйрету, өз әрекеттері мен құрбылар әрекеттерімен келістіруге үйрету. | | | | |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен эксперименттер**<br>Тапсырма. Күн шыққан кезде ағаштардың қырау жамылғанын көру. Күннің көзінде қырау жылтырайды.<br>«Қырау» сөзіне эпитет таңда.<br>Эпитеттерді таңдауға үйрену, балалар сөздігін байыту.<br>**Өздігінен қызмет.**<br>Балалар ойындарының тақырыбы мен мазмұнын жетілдіру және байыту; өз пікірін айтуын жетілдіру, өз құрбылары пікірлерімен келіспеу, олардың рөлдер, ойыншықтар мен міндеттерін бөлісуге сыпайы түрде айтуын жетілдіру. | | | | |
| Серуеннен оралу | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті . | | | | |
| Түскі ас | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі. | | | | |
| Ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру.<br>Білімді кеңейту және мәдени-гигеналық дағдыларды орындау.<br>**Ойын- жаттығу :**Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаңсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың. | | | | |
| Бесін ас | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс | | | | |
| Ойындар, дербес әрекет | Сюжетті-рөлдік ойын: «Дүкенші»<br><br>Жыл мезгілі туралы әңгімелесу<br>«Қысқы ойындар»(сурет қарастыру)<br>**Мақсаты:**қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. | Сюжетті-рольді ойын: «Отбасы».<br><br>Әңгіме құрастыру «Менің сүйікті жануарым»<br>**Мақсаты:** баланың сөздік қорын туысқандарының атауларын білдіретін сөздермен байыту. | Сюжетті-рольді ойын:«Шаштараз».<br><br>Дидактикалық ойын «Ғажайып қапшық»<br><br>**Мақсаты:** баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту. | Сюжетті-рольді ойын: «Қуыршақ»<br><br>Жыл мезгілі туралы әңгімелесу<br>**Мақсаты:**қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. | Сюжетті- рөлді ойын: «Дәрігер»<br><br>Дидактикалық ойын «Атын атап бер»<br>**Мақсаты:** түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс | Каринаға гимнастикалық баспалдаққа мінуге үйрету. | Кәусарға ермексазды домалату әдісін көрсету | Әбілмансурге сандарды санауды үйрету. | Сезімге қағазды пішін қылып жырту әдісін көрсету | Мухаммедаминге тура кері санауға үйрету |
| Серуенге дайындық | Киіну: серуенге шығу. | | | | |
| Серуен | Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: «Дос туралы әңгімелесу? Сенің сүйікті ойыншығын?» | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-аналарға кеңес: «Ойыншықтардың маңыздылығы». | Дәрігердің кеңесі: Ауа райына байланысты киіну. | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Кеңес: «балалармен қысқы ойындарды ұйымдастыру». | Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру». |

Тексеру:

Scanned by TapScanner